

Габдешева Астра Ерсайыновна  
Магистр, старший преподаватель  
Иргалиева Гульжамал Хамитовна  
Студентка IV курса специальности  
«иностранный язык: два иностранных языка»  
ЗКГУ имени М.Утемисова, г.Уральск

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

### АННОТАЦИЯ

*Тіл үйрету процесін жетілдірудің мәселелеріне байланысты әртүрлі психологиялық-педагогикалық көзқарастар. Оқыту мен тәрбиелеудің психо-педагогикалық мақсатын дамытуға бағытталған жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануды теориялық және практикалық тұрғыдан қамтамасыздандыру. Жаңа ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде тиімді пайдалана білу және оның әдістемесін меңгеру.*

**Түйінді сөздер:** интернет, компьютер бағдарламалары, ақпараттық технологиялар, интерактивті тақта, компьютерлік оқыту.

### АННОТАЦИЯ

*Все процессы обучения: создание и развитие изучены научно-познавательными работами. Усовершенствование обучение английскому языку. Психо-педагогические взгляды. Психо-педагогические цели направлены на обучение и воспитание наших детей с использованием новых информационных технологии и освоение их методики использованы на уроках.*

**Ключевые слова:** интернет, компьютерные программы, информационные технологии, интерактивные доски, компьютерное обучение.

### ABSTRACT

*All processes of learning: the creation and development of scientific and studied cognitive performance. Improvement of English language training. Psycho-pedagogical views. Psycho-pedagogical objective the training and education of our children with the use of new information technologies and the development of techniques used in the classroom.*

**Keywords:** internet, software, information technology, interactive whiteboards, computer training.

Қазіргі таңда еліміздің басшысы Н.Ә. Назарбаев алдымызға үш тұғырлы тіл: қазақ тілі мемлекеттік тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі – қарым-қатынас тіл, ағылшын тілі – халық аралық тілді меңгеру жөнінде мақсат қойып отыр. Байқағанымыздай көп тілді білуге ұмтылу – жас ұрпаққа қойылған заман талабы.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев республикалық білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі шығармашылық тұрғыдан бәсекелестікке сай үш тілді жетік меңгерген , жан - жақты тұлғаны оқытып – тәрбиелеу деп атап көрсетті.Қазіргі кезде ғаламдық жаһандану, яғни әлемдік білім беру кеңістігіне ену процесі жүріп жатыр [1].

Президентіміз Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын ұсынды. Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет. Яғни жоғары нәтижелерге жету үшін, біздің болашақ ұрпағымыз өте білімді, заман талабына сай жан-жақты дамыған, мәдениетті және өте тәрбиелі болуы қажет. Ал жан-жақты дамыған тұлға тек берік біліммен қаруланып қана қоймай, қазіргі заман талаптарына сай бірнеше шетел тілдерін меңгеруі тиіс [2, 5-б.].

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан, білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Білім берудің жүйесінің қай саласы болмасын осы технологияларды кеңінен қолдануда көптеген сапалы нәтижелерге жетуде. Осы мақсатта еліміздің болашағы үшін осы мүмкіндікті қалай пайдалану, қоғамды ақпараттандыруды қолға алуда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» деген тақырыпта оқыған лекциясында: «Осы заманғы әлем жаһандану кезеңін – адамзаттың біртұтас ақпарат және коммуникациялар кеңестігінде жан-жақты бірігу, бүкіл планетаның біртұтас экономикалық рынокқа айналуы дәуірін бастан кешіруде» деп көрсеткен болатын.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып отыр. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Бүгінгі күні білім берудегі мақсат – жан-жақты, білімді, болашаққа жаңа көзқараспен қарай білетін және өзгерістерге, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Біз білетіндей, ақпараттық технология сабақты түрлендірудің, ерекшелендірудің, дараландырудың тәсілі ғана емес, сонымен қатар сабақты жаңаша ұйымдастырудың мүмкіндігі. Оқу-тәрбие үрдісінде білім беруді ақпараттандыру үшін жаңа ақпараттық технологияны пайдалану қажет. Яғни, білім берудегі жаңа ақпараттық технология деп оқу мен оқу-тәрбие материалдарының жиынтығы, есептегіш техника құралдардың оқу үрдісіндегі рөлі мен орнын, мұғалімдер мен оқушылардың еңбегін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесін айтады [3, 16-б.].

Білім беруде инновациялық технологияларды пайдалану оқыту үдерісін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Компьютерлік технология және интернет оқу үдерісін жеңілдетіп, сабақты қызықты әрі тиімді ұйымдастыруға, оқу-білім сапасын көтеру үшін көптеген мүмкіндіктер береді.

Шетел тілі сабағын оқытудың жаңа компьютерлік жүйесі шартты белгілерден тұрады. Бұл арқылы оқушы нақтылыққа дағдыланады. Соның негізіне оқытудың мынадай ұтымды жақтарын атап көрсетуге болады. Олар мыналар:

- оқушылардың ойлану дәрежесіне, материалды қабылдау ерекшелігіне байланысты әрбір оқушы үшін жеке-жеке компьютерде бағдарлама құрып, оқушылармен дербес жұмыс жасауға болады;

- компьютер арқылы нашар оқитын балаларды оқытудың тиімділігі артады;

- компьютерді сабақта пайдалану уақытты үнемдейді;

- оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады;

Әр сабақта сөз әрекетінің төрт түрі де қолданылады: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым. (1-сурет)

Әр сабақ төмендегілерді қамтиды:

- компьютермен үзіліссіз тілдік қарым-қатынас;

- бірнеше рет тыңдау мен оқу-білген материалды қайталаудың арқасында дағдыларды машықтандырғанға дейін меңгертіледі;

- компьютер оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырады;

- оқушымен тікелей жұмысты ұйымдастырады;

- компьютер оқытудың аудио және бейне құралдардың мүмкіндіктерін байланыстырады. [4, 20-б.]



1-сурет

Инновациялық технологияларды сабақта қолдану – бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Бұл технологияларды әсіресе шетел тілін үйренуде пайдасы өте зор. Себебі, тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Ал оны толықтай меңгеру үшін оқулықтың аздық етері анық. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни, өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы әбден мүмкін.

Қазіргі таңда жаңа ақпараттық технологияларды оқушылардың ағылшын тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ал енді психологиялық жағына келетін болсақ, қазіргі уақыт ағымындағы оқушылардың әрқайсысының үйлерінде әдетте көптеген ойындары бар компьютерлер, видеолар мен телевизор бар болғандықтан, олар қоршаған ортаны осындай тәсілмен қабылдауға үйренген. Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері оқушыларға оқу бағдарламаларын оқып тіл үйренуде де сәтті қолданылатынын түсіндіруге мүмкіндік беріп, шығармашылық белсенділікті дамытуға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, тыңдау мен сөйлеу дағдыларын үйренуге ең жақсы жағдайларды жасауға әсер етіп, нәтижесінде сапалы білім алуын қамтамасыз етеді.

Компьютерлік оқытуда қолдану әсіресе шет тіліне үйретуде ағылшын тілінен оқу материалдарын дайындау тәсілдерін өзгертті. Жаңа технологиялар әдістемелік, дидактикалық, педагогикалық және психологиялық принциптердің тұтас комплексін жүзеге асыруға көмектеседі, таным процесін қызықты және шығармашыл етеді, әрбір оқушы үшін жеке дара жұмыс қабілетін ескеруге мүмкіндік береді. Жаңа технологияларды практикада қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың жаңа түрін ашады, нәтижесінде жаңа білім ашылады, оқушылардың танымдық белсенділігі дамиды, білімді өз беттерінше толықтырады, ақпараттар ағымында іздеу және бағдарлауға үйренеді. Жаңа технологияларды ағылшын тілі сабақтарында қолдану тәжірибесін талдай отырып, мынандай қорытынды жасауға болады: оқыту сапасы артады, тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді, ақпараттық кеңістікте адаспайтын, ақпарат мәдениетін жетік білетін тұлға болып қалыптасуына көмектеседі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып тұр. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас іздемпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Компьютерлік технологиялар арқылы өтетін оқу үдерісі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, ойлау арқылы олардың сөйлеу дағдылары дамытуға септігін

тигізеді. Компьютерлік технологиялар оқыту үдерісінде білім сапасын заман талабына сай, жаңашыл бағытта білім алушыларды толық қамтамасыз етеді. Мектептерде компьютерлік технологияны оқулықтың орнына қолдану қазіргі заман талабына сай болып отыр. Сондықтан да бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін білім саласына да жаңаша өзгірістер енгізу керек. Оқушылардың сабақ өтетін орындарына, яғни сыныптарына көп көңілі бөлу қажет. Мұғалімдер заман талабына сай жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, оқу үдерісін жандандыру керек.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Жаңа ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- оқушыларың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Инновациялық технологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды сабақта қолдану – бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді [5, 60-б.]

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, Алматы, 2007ж.
2. Н. Әділбаев, Интерактивті тақта білімнің жаңа көкжиегіне қадам басты. Заң газеті, 2007ж. 30тамыз, 15-б.
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі. Педагогика. Әдістеме. 2(58) 2014, 5-б.
4. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №4(52) шілде/тамыз 2011, 20-22-б.
5. Г. Исаева, Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері.«Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері»атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары. Мектептегі шет тілі,2011ж. №3 60-.